

Ж.М. Баймұрынов^{1*}, Ш.Б. Ақатаева², Т.Б. Жукеев², З.К. Жанғабылова², Т.Т. Мұқтар²

¹ *Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан;*
² *Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан*
(e-mail: janbolat_b_m@mail.ru, akataeva_shuga@mail.ru, toleu_1911@mail.ru)

Тұрлаусыз мүшелер теориясына

Мақалада қазақ тілі грамматикасында тұрлаусыз мүшелерге қатысты елеусіз қалып келе жатқан түйткілді мәселелер баян етіледі. Сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелердің өзара байланысы, олардың бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұратыны дәстүрлі грамматика теориясында күні бүгінге дейін арнайы зерттеу нысанына алынбады. Сөйлемді грамматикалық мүшелеуде назарда болуы тиіс осынау жайт бір ғасыр бұрын мәлім болғанына қарамастан оқулықтар мен әдістемелік нұсқаулықтарда маңызды мәселе ретінде кең көлемде қамтылған емес. Авторлар мақала көлемінде жасалған зерттеуде тұрлаусыз мүшелердің сөйлемдегі грамматикалық қатынасын теориялық әрі тәжірибелік жағынан талдап көрсетуге, нақты мысалдар арқылы дәлелдеуге талпынады. Тақырыптың ғылыми өзектілігі де осында жатыр. Тұрлаусыз мүшелердің синтаксистік құрылыстағы өзара грамматикалық байланысын анықтау үшін әуелі сөйлемдегі сөз тіркестері межеленуі тиіс және осындай ұстаным арқылы сөз тіркесі сыңарларының әрқайсысы дербес сөйлем мүшесінің қызметін атқарады деген тұжырым жасалады. Себебі осы уақытқа дейін бір не екі сөз тіркесін бір ғана сөйлем мүшесі ретінде тану сөйлемді грамматикалық мүшелеу тәжірибесінде жиі ұшырасып отыратын елеулі мәселе болып келді. Бұл мәселені біржақты шешу мақсатында отандық зерттеушілердің сөз тіркесі мен сөйлем синтаксисі жөніндегі басты еңбектері пысықталып, тақырыпқа арқау болатын ғылыми пікірлер жүйеленді және қазақ мәтіндерінен тәжірибелік материал ретінде таңдалған мысалдарға грамматикалық талдау жасалды. Зерттеу барысында шолу, жинақтау, мағына мен пішінді салыстыру, талдау және т.б. әдістер арқылы тіркесті күрделі сөз бен сөз тіркесінің грамматикалық белгілері анықталды; кейбір тіркесті күрделі сөздің тұлғалық жағынан сөз тіркесіне ұқсап тұратыны және оларды сөз тіркесінен ажыратудың жолдары межеленді; сөз тіркесі сыңарларының арасындағы грамматикалық байланыстың сөйлем мүшелерінің грамматикалық мағынасына тікелей қатысы бар екені дәлелденді; тұтас сөз тіркесін бір ғана сөйлем мүшесі етіп талдаудың жансақ екені жөнінде тұжырым жасалды; тұрлаусыз мүшелердің сөйлемдегі грамматикалық әлеуеті көрсетілді, атап айтқанда, анықтауыш мүшенің анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышты да анықтайтыны және толықтауыш мүшенің анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышты да толықтайтыны, сондай-ақ пысықтауыш мүшенің анықтауыш, толықтауыш, пысықтауышты да пысықтайтыны теориялық әрі тәжірибелік жағынан біршама кеңірек сипатталды. Мақаланың тұжырымдары қазақ лингвистикасының грамматикашы мамандары мен зерттеушілер және филология факультетінің студенттері үшін ғылыми әрі тәжірибелік материал болады.

Кілт сөздер: тұрлаусыз мүшелер, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, сөз тіркесі, күрделі сөз.

Kipicne

Ғылыми тұрғыда арнайы зерттеле бастағанына ғасырдан астам уақыт өткен ұлттық тіл білімінің жетістігін тізбелеп шығудың өзі — ауқымды жұмыс. Алайда әлемде ешбір ғылым саласын жеріне жете зерттеліп болды деп ешкім айта алмас, себебі ғылым атаулы уақытпен бірге ірге кеңейте бермек. Мәселеге осы қырынан келгенде, қазақ тіл білімі синтаксисінің де дәстүрлі деңгейде пысықтала түсуі тиіс тұсы қаншама. Осындай келелі тақырыптың бірі сөйлемнің тұрлаусыз мүшелеріне қатысты. Бір қарағанда, тұрлаусыз мүшелердің әлдеқашан тиянақ тапқан тақырып болып көрінері де рас. Дегенмен кейде тілдік материалды жаңаша бағыттарда зерделеуге ден қойған отандық зерттеушілер дәстүрлі лингвистика аясында қаралуы тиіс кей мәселені айналып өткенге ұқсайды. Қазақ тіл білімі синтаксисіндегі тұрлаусыз мүшелер тақырыбы — дәстүрлі грамматика теориясында толығырақ зерттелуі тиіс болып келген осындай маңызды тақырып.

Сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелердің іргелес не алшақ байланысынан көрінетін синтаксистік қатынастарды нақтылау ең әуелі академиялық грамматика теориясының кемелденуі үшін керек. Аталған тақырыптан шығатын ғылыми тұжырымның жетістігін санамалай айтар болсақ, біріншіден, сөз тіркесі сыңарларының грамматикалық қатынасы тұрлаусыз мүшелер байланысының арасындағы

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: janbolat_b_m@mail.ru

грамматикалық мағынамен үндесетін болады; екіншіден, аналитикалық тәсіл арқылы тіркесе жасалған күрделі сөздер мен сөз тіркесі (тіркесті сөз бен сөз тіркесі) арасындағы грамматикалық жік айқындала түседі; үшіншіден, сөйлем талдауда субъективті ұстаным солғындап, объективті ұстаным алға шығады; төртіншіден, синтаксистік стилистика нормасын нақты межелеуге жол ашылады; бесіншіден, сөйлемде көсемше тұлғасынан кейін үтір қою-қоймау жөніндегі пунктуациялық норма тиянақ табады т.с.с.

Сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелердің байланысынан көрінетін грамматикалық қатынас жөнінде айтпағымыз — тұрлаусыз мүшелер өзара алшақ не іргелес байланыста тұрады. Басқаша айтқанда, анықтауыш мүше анықтауыш, толықтауыш және пысықтауышты да анықтайды. Дәл осы сияқты, толықтауыш мүше анықтауыш, толықтауыш және пысықтауышты толықтайды, ал пысықтауыш мүше анықтауыш, толықтауыш және пысықтауышты пысықтайды. Бұл тұрасында ғылыми алғашқы пікір Елдес Омарұлының 1925 жылы жарық көрген «Қазақ тілі» мақаласы [1] және жоғалып кеткендіктен ғылыми ортаға беймағлұм боп келген «Синтаксис жаттықтырғыш» кітабында [1]. Ғалым мұнда сөйлемді грамматикалық мүшелерге талдаудың толық тәртібін тұңғыш рет егжей-тегжейлі баяндап, тұрлаусыз мүшелердің өзара байланысын тәптіштей сипаттайды. Онан бері де профессор М. Балақаевтың синтаксистік еңбектерінде [2] жол-жөнекей қамтылғанмен, ғылыми тұрғыда дамытылуы жаңа ғасырдың еншісіне қалып келді. Мәселен, профессор Ж. Жақыпов 2021 жылы «Сөйлем мүшелері теориясына» мақаласында [3] тұрлаусыз мүшелердің біз қозғап отырған мәселесіне арнайы назар аударта, 2023 жылы зерттеуші Ж. Баймұрыновтың «Қазақ тіліндегі тұрлаусыз мүше хақында» мақаласында [4] да мақсатты түрде қозғалады.

Тұрлаусыз мүшелердің жалпы теориясы сөйлем синтаксисін зерттеген ғалымдардың еңбектерінде айтарлықтай мол қамтылған, сондықтан оның барлығын бірдей тізбелеу мүмкін емес. Мақала көлеміндегі арнайы зерттеу тақырыбымызға тікелей қатысы болмағанмен, шолу ретінде біразын атап өткенді дұрыс көрдік. Тұрлаусыз мүшелердің грамматикалық табиғаты өткен ғасырда А. Байтұрсынұлының [5] сөйлем жүйесі жайлы, С. Аманжолов [6] пен Т. Сайрамбаевтың [7] синтаксиске қатысты, К. Ахановтың [8] грамматика теориясы жөніндегі, сондай-ақ С. Исаев [9], Б. Шалабаев [10], Қ. Шәукеновтердің [11] еңбектерінде, жаңа ғасырда Б. Сағындықұлы [12] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде барынша жан-жақты сипатталды.

Тақырыпқа орай қарастырылған қолда бар әдебиеттерді тұрлаусыз мүшелердің өзара байланысы арнайы қаралған еңбектер, тұрлаусыз мүшелердің жалпы грамматикалық табиғаты баяндалған еңбектер және тұрлаусыз мүшелер теориясына жанама қатысы бар еңбектер деп үш топқа бөлуге болады. Мұның алғашқысына жоғарыдағы төрт автордың, екіншісіне онан бергідегі сегіз автордың, үшіншісіне төменде сілтеме келтірілетін авторлардың еңбектерін жатқыздық.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері. Сөйлем синтаксисінде тұрлаусыз мүшелердің айрықша мәнге ие екені мәлім. Ендеше осы тұрлаусыз мүшелердің бір ғасырдан бері күн тәртібінен түспей келе жатқан грамматикалық табиғатын барынша талдап түсіндіру мәселесі тұрғысында теориялық материал болатын зерттеу жүргізу — лингвист мамандар алдында тұрған өзекті мәселе. Сондықтан бұл мақаланың мақсаты — тұрлаусыз мүшелердің сөйлемде бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұратынын теориялық әрі практикалық жағынан дәлелдеу. Осыған орай мынадай міндеттер қойылды:

- сөйлемдегі сөз тіркесі сыңарларының арасындағы грамматикалық қатынастың сөйлем мүшесінің синтаксистік мағынасын анықтайтын критерий екенін саралау;
- сөйлемдегі сөз тіркестерінің әр сыңары өз алдына дербес сөйлем мүшесі қызметін атқаратынын көрсету;
- анықтауыштың толықтауыш пен пысықтауышты да анықтайтынын нақтылау;
- толықтауыштың анықтауыш пен пысықтауышты да толықтайтынын нақтылау;
- пысықтауыштың анықтауыш пен толықтауышты да пысықтайтынын нақтылау т.б.

Материалы мен әдістері

Зерттеуге өзек болған материал теориялық әрі практикалық болып екіге бөлінеді. Теориялық материал лингвист ғалымдар мен зерттеушілердің көлемді және шағын еңбектеріндегі, сондай-ақ лингвистикалық сөздіктерде келтірілген ғылыми-теориялық мәні бар мәліметтерден, ал практикалық материал белгілі қаламгерлердің көркем туындылары, баспасөз материалы және ғылыми еңбектерде талдауға нысан болған мысалдардан алынды.

Теориялық әрі практикалық материал үндесімі үшін шолу, жинақтау әдісі, мағына мен пішінді салыстыру әдісі, грамматикалық талдау әдісі, бүтіннен бөлшекке және бөлшектен бүтінге қарай

жылжу әдісі т.б. басшылыққа алынды. Атап айтқанда, ғалымдардың жалпы сөйлем мүшелері, оның ішінде тұрлаусыз мүшелердің лингвистикалық табиғаты жайлы пікір-тұжырымдарына шолу жасау, оларды жинақтай отырып ортақ тұжырым шығару шолу әрі жинақтау әдісі арқылы, сөз тіркесі сыңарларының арасындағы грамматикалық қатынастың тұрлаусыз мүшелер байланысындағы грамматикалық мағынаға қатысы мағына мен пішінді салыстыру әдісі арқылы, тұрлаусыз мүшелердің бірін-бірі анықтап, толықтап және пысықтап тұратыны грамматикалық талдау әдісі арқылы, сөйлемді грамматикалық мүшелеу кезінде әуелі ондағы сөз тіркестерін анықтау және сөз тіркесі арқылы сөйлем мүшесіне қарай жылжу, бұл аталғандардан шығатын нәтиженің тұтас сөйлемнің пунктуациялық нормасын межелеге жол ашатыны бүтіннен бөлшекке және бөлшектен бүтінге қарай жылжу әдісі арқылы шешіліп отырды.

Нәтиже және талқылануы

Қазақ грамматикасының теориясына арналған жалпы әдебиетте тұрлаусыз мүше жөнінде әдетте олардың грамматикалық ерекшелігі (сұрақтары, орын тәртібі, құрамы және қандай сөз табынан жасалатыны) жайлы мәлімет келтірумен шектеліп жатады. Ал олардың өзара байланысу сипаты, өзара грамматикалық қатынасы турасында тарқата баяндайтын еңбек санаулы ғана. Оның өзінде 1925 жылдан кейін араға 100 жыл салып қана қолға алына бастады. Осыдан барып сөйлемді синтаксистік талдау барысында тұрлаусыз мүшелерді кесек-кесек күйінде (бір не екі сөз тіркесін тұтасымен бір грамматикалық мүше деп) қарастыру жолға қойылған. Әлбетте, күрделі мүшелерді тұтас қараудың жөні басқа.

Осы арада анықтап алуға тиіс жайттар бар, олар:

1) Сөйлемді грамматикалық мүшелеу кезінде сөз тіркесі сыңарларының грамматикалық қатынасынан шығатын мағынаны есепке алу керек пе, жоқ па?

2) Тіркесе байланысқан күрделі сөздер сөз тіркесіне жата ма, әлде сөз тіркесінің бір сыңары ретінде ғана жұмсала ма?

Бұл аталғандарды анықтау тұрлаусыз мүшелерге қатысты біраз жайттың басын ашары сөзсіз. Рас, отандық тіл білімінде бұл проблема азды-көпті зерттелді, алайда осындай зерттеулердің түйіні арнайы бір еңбекке жинақталмады. Онан әрі дамытылмады. Тұрлаусыз мүшелердің өзара байланысына қаншалықты қатысты екені айтылмады. Салдарынан сөйлемді синтаксистік талдаудың үш жолы қалыптасты. Бірінде тұрлаусыз мүшелер сөз тіркесі сыңарларының грамматикалық мағынасына қарай бөлшектене талданса, келесі бірінде сөз тіркесінің байланысы мүлде ескерілмей, тұрлаусыз мүшелер кесек-кесегімен көрсетіліп жүр. Ал үшінші ұстаным осы аталған екі жолды да қамтиды, яғни бірде бөлшектен талдайды, енді бірде тұтас қаралады.

Бұл шағын зерттеуде біз жоғарыда аталған екі мәселе жайлы тұжырым жасау арқылы тұрлаусыз мүшелердің сөйлемдегі өзара байланысы жөнінде объективті пайым қалыптастыруды мақсат еттік.

Бірінші мәселе жөнінде. Әлбетте, «...сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері жөніндегі мәселелердің қай-қайсысы да сөздердің тіркесуі жөніндегі іліммен байланысты қаралғаны орынды» [13; 650]. Мұндай пікір Т. Сайрамбаев пен М. Балақаевтың сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисіне арналған «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында да келтірілген, онда былай делінеді: «Дұрысында, сөйлемнің тұрлаусыз мүше мәселелері сөз тіркесі жайындағы іліммен тығыз байланысты қаралуға тиіс. Сонда өзара тіркескен сөздер тобының қандай қарым-қатынасты білдіруіне қарап тұрлаусыз мүшелерді дұрыс танитын боламыз» [7; 465].

Егер тұрлаусыз мүшелерді анықтауда сөйлемдегі сөз тіркестерінің байланысу табиғатына сүйенбесек, онда, шындығында, сөз тіркесінің байланысуы туралы қыруар еңбектің сөйлемді грамматикалық мүшелеу үшін маңызы қалмаған болар еді. Ал «сөз тіркесі — синтаксистік құбылыстарды қозғаушы нүкте» [14; 7]. Ендеше сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелер ондағы сөз тіркестерінің байланысу амалына, сол арқылы белгілі болатын грамматикалық қатынасына қарай анықталуы тиіс.

Грамматикалық әдебиеттерде сөз тіркесінің критерийі ретінде толық мағыналы кемі екі сөздің бірі екіншісіне бағынуы арқылы сабақтаса байланысуы аталып жүр [9; 135], [15; 364]. Сондай-ақ сөз тіркесі сөйлемнің синтаксистік байланысуына тірек болатын материал [13; 630] деп қаралады.

Ал сөзді сөйлем мүшесі деп танудың критерийі ретінде қазақ, қырғыз және орыс тіл білімінде белгілі бір грамматикалық мағынасы мен лексикалық мағынасының болуы [13; 630], [16; 41], сөйлемде өзара грамматикалық байланысқа түсуі және белгілі бір сұраққа жауап беруі, яғни сөйлемде жұмсалуды басшылыққа алынады [9; 140], [17; 518].

Теориялық еңбектердегі сөйлем мүшесі жайлы осындай грамматикалық белгілерді Б. Шалабай былайша жүйелейді: а) сөздің сөйлемде жұмсалуды; ә) толық мағыналы болуды; б) белгілі бір сұраққа жауап беруі; в) белгілі бір грамматикалық тұлғада тұруы; г) сөйлемдегі өзге сөздермен еркін синтаксистік байланыста тұруы [10; 60].

Сөз тіркесі мен сөйлем мүшесі жайлы осы аталғандардан шығатын ортақ жайт — екеуінде де сөздің нақты бір лексикалық мағынасы және грамматикалық формасы болуы, нақты бір сұраққа жауап беруі міндетті. Ендеше сөйлем мүшелері «толық мағыналы сөздер немесе сөз тіркестері арқылы көрінеді» [18; 426].

Жинақтай айтқанда, сөйлем мүшелерінің грамматикалық мағынасы сол сөйлемдегі сөз тіркестері сынарларының арасындағы грамматикалық қатынас арқылы анықталады, сондықтан сөйлемде сөз тіркесінің әр сыңары өз алдына дербес грамматикалық мүше қызметінде тұрады және сонысына қарай әрқайсысы жеке-жеке сөйлем мүшесі ретінде талдануы қажет. Сөйлем мүшелерінің грамматикалық мағынасы сөз тіркесі сынарларының байланысынан шығатын грамматикалық мағынаға тікелей тәуелді.

Қ. Шәукеновтің пікірінше, «...бір сөйлемде сөз тіркесі мен ондағы сөйлем мүшелерінің саны бірдей болмайды» [11; 12]. Орынды пікір. Сөйлемдегі сөз тіркесі мен сөйлем мүшелері санының тең болмау себебі де түсінікті. Дегенмен ғалымның бұл пікірі «сөйлемдегі күрделі мүшенің өз ішіндегі байланыс грамматикалық байланыс па, әлде лексикалық байланыс па, яғни күрделі мүше өз ішінен сөз тіркесі бола ма, жоқ па?» деген келесі мәселеге жетелейді. Осы орайда күрделі мүше (тіркесті сөз) сынарлары арасындағы байланыстың сөз тіркесіне қатысты грамматикалық байланыстан айырмасын анықтау міндеті туады. Мысалы, *Жаңатоган ауылы* тіркесімі матаса байланысып тұр ма, жоқ па?

Екінші мәселе жөнінде. «Күрделі сөздер өз ішінен сөз тіркесінен тұра ма, жоқ па?» деген мәселе, бір қарағанда, әлдеқашан анықталып қойғандай көрінуі мүмкін. Алайда төменде ұсынылған мәлімет мұндай ұйғарымның біржақты екеніне дәлел болады.

Әуелі сөз тіркесі мен тіркесті сөз (күрделі сөз) екеуінің ара-жігін ажыратып алайық. Қазақ грамматикасының теориясында бұл жөнінде жеткілікті қарастырылды. Дегенмен әлі күнге дейін нақты бір нүктесі қойылмай келеді, оның себебі күрделі сөз атаулының өзі әуел бастағы сөз тіркесінен қалыптасатынында жатыр [19; 9]. Күрделі сөз бен сөз тіркесінің лингвистикалық табиғатын арнайы зерттеген ғалымның бірі К. Аханов: «Күрделі сөздің әрбір сыңары сөйлемнің дербес мүшесі бола алмаса, сөз тіркесінің әрбір сыңары синтаксистік дербестігін сақтап, өздігінен сөйлем мүшесі бола алады» [20; 200], – дейді.

Синтаксистің осы саласында өлшеусіз еңбек еткен ғалым Т. Сайрамбаев күрделі сөз бен сөз тіркесінің айырмасы жөнінде мынадай белгілерін көрсетеді: «Күрделі сөз — сөз жасаудың бір түрі. Сөз тіркесі — синтаксистік категория.

Күрделі сөздің әрбір сыңарына жеке-жеке сұрақ қойылмайды, ол екеуі бір-ақ сұраққа жауап береді. Сөз тіркесінің әрбір сыңары дербес сұраққа жауап береді.

Күрделі сөз тұтасымен морфологиялық өзгеріске ұшырамайды. Яғни оның әрбір сыңары жеке-жеке морфологиялық өзгерісте болмайды, сол тобымен тұлғаланып көптеледі, септеледі, жіктеледі. Сөз тіркесінің әрбір сыңары түрлі морфологиялық өзгерістерге ұшырайды» [7; 31-32].

Күрделі сөздің морфологиялық тұтастық белгісі ретінде оның жалаң сөз тәрізді түрленетініне, яғни сыңарларының бөлек-бөлек өзгермей, тұтас күйінде түрленетініне, сөйтіп бір тұлғаға ие болатынына К. Аханов та назар аудартады [8; 58].

Күрделі сөз бен сөз тіркесінің түрлену ерекшелігі туралы тұжырым нақтылауды қажет ететінін ескерген жөн. Әдетте «түрлену» термині морфологияда сөз таптарының жалғау қабылдау сипатына қатысты қолданылады. Егер осылай деп қабылдасақ, онда күрделі сөздің сөз тіркесінен морфологиялық жағынан айырмашылығы көмескіленеді. Себебі орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан *алғыр оқушы*, *қыш құмыра* деген сөз тіркестерінің де тек соңғы (басыңқы) сыңары ғана түрленеді, қараңыз: *алғыр оқушымен*, *қыш құмырадан*. Тіпті «түрленудің» астарында жұрнақ қабылдау меңзелді дегеннің өзінде *алғырлау оқушы* дегенімізбен, *қыш құмыра* тіркесінің бағыныңқы сыңарына жұрнақ жалғай алмаған болар едік.

Т. Сайрамбаев қос сөз, біріккен, қысқарған сөз, кейбір есімдіктер, күрделі сан есімдер, фразалық тіркес және негізгі етістік пен көмекші етістік тіркесі, есімдер мен көмекші етістік тіркесі, сондай-ақ негізгі сөздер мен шылау тіркесінің еш уақытта сөз тіркесі болмайтынын, себебі олардың сөз тіркесі критерийіне сай келмейтінін ескерте отырып: «Оның (сөз тіркесінің. — Авт.) әрбір мүшесі белгілі бір сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалса, ал тіркес сөздерде (күрделі я шылаулы сөздер. — Авт.) ондай

қасиет жоқ. Олар сол тобымен жинақталып сөйлемнің бір-ақ мүшесінің қызметін атқарады» [7; 21-22], – дейді.

Осы орайда сөйлем мүшесі қызметін түйдегімен жұмсалған «сөз тізбегі» (күрделі я шылаулы сөз. — Авт.) де атқаратынына С. Исаев та назар аудартады [9; 140]. «Қазақ тілінің энциклопедиясында» сөз тіркесінің мысалы ретінде *үйге келді, үйге дейін келді, үйге дейін келіп қалды* үлгілері келтіріліп, сөз тіркесі болу үшін толық мағыналы екі сөздің ғана емес, «бірнеше сөздер түйдегінің» (күрделі я шылаулы сөз. — Авт.) де сабақтаса байланысатыны жөнінде мәлімет келтірілген [15; 364]. Сөйлем мүшесінің грамматикалық сипаты жайлы қырғыз тіл білімінің мәліметі де осыған саяды, яғни сөйлем мүшесінің қызметін толық мағыналы сөздер және «ажырағыс сөз тизмектери» (күрделі сөздер. — Авт.) атқарады, ал «қызматчы сөздөр (көмекші сөздер. — Авт.) толук маанилүү сөздөр менен коштолуп айтылганда гана сүйлөм мүчөсүнүн милдетин атқарат» [16; 41].

Сонда жоғарыдағы мысалдардағы *үйге келді* — синтетикалық тәсіл арқылы байланысқан жай сөз тіркесі; *үйге дейін келді* — синтетикалық-аналитикалық тәсіл арқылы байланысқан күрделі сөз тіркесі (бағыныңқы сыңарында толық мағыналы сөзге сепеулік шылау синтетикалық тәсілмен байланысу арқылы түйдегімен жұмсалған), *үйге дейін келіп қалды* — синтетикалық-аналитикалық тәсіл арқылы байланысқан күрделі сөз тіркесі (мұнда басыңқы сыңары — аналитикалық тәсілмен байланысқан тіркесті сөз, яғни сөз тіркесінің әр сыңары жекелей түйдегімен жұмсалған). Осындағы түйдегімен жұмсалған сөзтұлғалардың сөз тіркесінің жеке сыңары болатынын және сөйлемде бір ғана грамматикалық мүше қызметін атқаратынын ескеруге тиіспіз.

Теориялық еңбектердегі «тіркес сөздер», «сөз тізбегі», «лексикалық тізбек», «сөздер түйдегі», «түйдекті сөз», «тіркесті сөз», «тіркескен күрделі сөзтұлға» деген терминдердің барлығының аналитикалық тәсілмен тіркесе байланысқан күрделі сөз екенін қаперде ұстап отырмыз және осының барлығына «тіркесті сөз» термині ортақ атау болады деп ұйғардық.

Бұл келтірілгендерден түйгеніміз:

1) Тіркесті күрделі сөз — сөзжасамдық категория, ал сөз тіркесі — синтаксистік категория;

2) Тіркесті күрделі сөз бір ғана сұраққа жауап береді және сөйлемде бір ғана грамматикалық мүше қызметін атқарады, ал сөз тіркесінің сыңарлары дербес сұраққа жауап береді және сөйлемде әр сыңары дербес сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады.

Сөзтұлға (сөз) атаулының құрамына қарай дара және күрделі болатынын көрсеткен Б. Сағындықұлы *Бозой совхозының басшылары екі отбасына екі пәтерлік үйді бөлген* («Егемен Қазақстан» газеті) сөйлеміндегі сөзтұлғалар жайлы: «Мысалда тоғыз сөзтұлға бар. ...бір мен екі, екі мен үш, үш пен тоғыз, төрт пен бес, бес пен тоғыз, алты мен жеті, жеті мен сегіз және сегіз бен тоғыз түрлі амал-тәсілге бағынып байланысады. Ал, шын мәнінде, бірінші мен екінші сөздің белгілі бір синтаксистік мағынамен байланысуы — шешілмеген мәселе. Асылы, сөзтұлғалардың байланысы — синтаксистік құрылысқа дейінгі нәтиже. Оның *Бозой деген совхоз, Бозойдың совхозы* болғаны рас. Бірақ синтаксисте ол — бір ғана бірлік, бір ғана сөзтұлға. Бір жерде оны тілдегі күрделі сөз түрлерімен (сөйлемде *совхоз, отбасы*) қатар қойған жөн», – дейді және тіркесімнің мұндай түрін С. Аманжоловтың «лексикалық тізбектер» деп атағанына назар аудартады [12; 291-292].

Ғалымның пікірінше, «өз ішінде алғашқы байланысудан өткен», сыңарлары арасындағы көмескі грамматикалық байланыс «синтаксистік құрылысқа дейінгі нәтиже» болатын *Бозой совхозы* тәрізді тіркесімдердің алғашқы сыңарында ілік септігінің жалғауы жасырын тұрады да, кейінгісі ІІІ жаққа тәуелдеулі тұрады. Мұндай байланыстағы сыңарлар лексикалық тізбек құрайды және сөйлемде күрделі мүше қызметін атқарады. Демек, мұнан сөз тіркесін іздеп керегі жоқ.

Ал М. Балақаев *Бозой совхозы* тәрізді үлгіні қабыса байланысқан тіркес деп қарайды: «Изафеттік құрылыстағы сөз тіркесінің бірінші сыңары жалғаусыз айтылған анықтауыш болғанда, олар өзара әрі қабыса, әрі тәуелдене байланысады. Ондайда ілік септеуі зат пен заттың... меншіктілік, туыстық, табиғи қатынасын білдірмейді, тек заттың заттық сапасы ретінде, тәуелдік қатынаста жұмсалады». Ұсынған мысалдары: *Абай мектебі, мал шаруашылығы* т.б. [2; 63].

Біздіңше, *Бозой совхозы, Абай мектебі, мал шаруашылығы* дегендерді қабыса байланысқан сөз тіркесі деп емес, тіркесті сөз, яғни күрделі сөз деп қараған орынды. Себебі мұндай тізбектердің сыңарларына жеке сұрақ қойылмайды. Мысалы, *Балам биыл Абай мектебінде оқиды* деген сөйлемде «қайда?» («несінде?» деп сұрақ қойылмайды) деген сұрақтың жауабы «*мектебінде*» емес, «*Абай мектебінде*» болады. Тіпті сөз тіркесі деп қарағанның өзінде қабыса байланыспайтыны — сыңарларын байланыстырған септік жалғауының нөлдік тұлғада тұруынан ол септіктің грамматикалық белгісі жоғалып кетпейді. Басқаша айтқанда, байланыстырғыш жалғаудың мұндай

тіркесімде арнайы таңбаланбауына ілік жалғауы мен тәуелдік жалғауының тұрақты байланыста тұратыны тікелей әсер етеді. Дегенмен сөйлемді мазмұнына нұқсан келмейтіндей *Балам биыл Абай атындағы мектепте оқиды* деп өзгертсек, *Абай атындағы мектеп* бағыныңқы сыңары түйдегімен жұмсалған күрделі сөз тіркесі (анықтауыштық қатынастағы қабысу) болады.

Абай мектебі, мал шаруашылығы тіркесімдерінің қабыса байланысатынын айтқан М. Балақаев, біздіңше, жоғарыда келтіргеніміздей, ықшамдалмаған толық нұсқасына меңзеген сыңайлы. Мәселен, *Абай атындағы мектеп* тіркесінің анықтауыштық қатынаста қабыса байланысатыны тәрізді, *мал өсіретін шаруашылық* нұсқасында да анықтауыштық қатынаста қабыса байланысқан тіркес бар. Анығында, мұндағы тіркес саны екеу: біріншісі — толықтауыштық қатынаста меңгеріле байланысқан *мал өсіретін* тіркесі, екіншісі — анықтауыштық қатынаста қабыса байланысқан *өсіретін шаруашылық* тіркесі. Мұндай үлгі тілімізде өте көп, қараңыз: *азық-түлік дүкені* (ықшамдалған нұсқа) және *азық-түлік сататын дүкен* (толық нұсқа) т.б. *Азық-түлік сататын дүкен* дегенде де сөз тіркесінің саны екеу және *азық-түлік дүкені* деген ықшам үлгіні күрделі сөз деп тануға негіз жоқ.

Алайда жоғарыда біз талдап отырған нұсқалар — ғалым айтқандай «изафеттік құрылыстағы» үлгі емес, себебі ілік жалғауын мысалдардың ықшамдалған әрі толық нұсқаларына да қосуға келмейді. Тілдік үнемдеу заңының тәртібімен синтаксистік құрылыстан ығысып шығатын грамматикалық мүшенің қызметін актуализатор ретінде соның алдындағы сөз «арқалайтыны» мәлім [21; 78], бірақ бұл мысалдардан ығысқан сөзге ілік тұлғасының еш қатысы жоқ, ендеше ықшамдалған нұсқаларда ілік жалғауы жасырын тұр деуге және негіз жоқ. Оның үстіне, тілімізде ілік жалғауын қажет етпейтін, яғни изафет тіркеске еш қатысы жоқ *күні бойы, аққу екеуі* тәрізді тіркесім (күрделі сөз) үлгілері жеткілікті. Осыған қарағанда, мұндай тіркесімдердегі **-ы, -і** аффикстері тәуелдік жалғау болмауы да мүмкін. Бұл — этимологиялық зерттеуді қажет ететін бөлек тақырып.

Ал *барыс жалғауы* деген үлгіден ілік тұлғалы *септігінің* сөзінің ығысып шыққанын аңғару қиын емес, сондықтан бұл үлгіні ығысып шыққан ілік тұлғалы сөздің грамматикалық қызметі *барыс* сөзіне жүктелген сөз тіркесі деп білеміз, яғни кәдімгі изафет тіркес. *Көсемше жұрнағы* — ілік тұлғасы жасырын жұмсалатын қарапайым мысал, яғни сөз тіркесі.

С. Аманжолов күрделі сөз дегеніміздің «бірнеше сөздің бір ғана ұғым беретін болып тізбектелуі» екенін, олардың кейбірі бірге, кейбірі бөлек жазылып жүргенін, алайда «бара-бара бірігіп бір сөз боп кетуі сөзсіз» екенін айтады [6; 65]. Мұнда ден қоярлығы — кезінде сөз тіркесінің синтаксисіне қатысты талай зерттеуде мысал болған көптеген нұсқа (тіркесті сөз, тіпті сөз тіркесі деп қаралғаны да бар) соңғы «Орфографиялық сөздікте» бірге жазылатын боп нормаланды. Мәселен, кенестік заманда сөз тіркесі деп қаралған *ауыл шаруашылығы* [22; 86], *мал шаруашылығы* [22; 418] нұсқалары 2013 жылы басылған сөздікте бірге жазылатын болып орнықты. Мұнан жоғарыдағы *мал шаруашылығы* үлгісінің о баста сөз тіркесі емес, күрделі сөз боп қалыптасқаны аңғарылатындай.

Екі басында екі пұттық гирдей домалақ темірі бар сом тұтқасын айналдырып тұрған жалпақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді зор қара жігіт Матвей Степановичтің әніне қосылмақ болды (Ә. Сәрсенбаев). *Сұлулық жерден өніп, көктен жауған, Тапқан ол тыныштықты таза ауадан* (І. Жансүгіров) деген сөйлемдердегі күрделі сөздер мен сөз тіркестері жайлы Т. Сайрамбаев пікірі келесідей: «...*қошқар мұрынды, жалпақ бетті, қалың ерінді* — күрделі сын есімдері, *жерден өну, көктен жауу, тыныштықты табу* — жай сөз тіркестері. Бұлардың әрқайсысы екі-үш (екі сөзден. — Авт.) сөзден жасалған. Алайда сөз тіркесінің құрылымында айырмашылық бар. Мысалы, *тыныштықты табу, жерден өну, көктен жауу* деген сөздер бірі басыңқы, бірі бағыныңқы қызметте жұмсалып, меңгеріле байланысқан сөз тіркесін құрап тұр. Ал *жалпақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді* деген күрделі сын есімдер осы қалпында сөз тіркесі бола алмайды, өйткені олардың әрқайсысы бір-біріне басыңқы-бағыныңқы қызметте жұмсалмай, екеуі бірігіп басқа бір сөзді анықтап, бағыныңқы қызметте жұмсалып тұр. Бұлардың бағыныңқы қызметте жұмсалып, күрделі сөз жасауында *-ды/-ді* жұрнағының тікелей әсері бар. *Жалпақ бет, қошқар мұрын, қалың ерін* деп *-ды/-ді* жұрнағын қоспай айтсақ, бұл сөздер бірі бағыныңқы, бірі басыңқы қызметте жұмсалған жай сөз тіркесі болар еді. Сонда өз алдына жай сөз тіркестері енді *-ды/-ді* жұрнақтарының әсерінен күрделі сөзге айналған» [7; 29].

Анығында, талдауға алынған сөйлемдердегі күрделі анықтауыштардың (!) соңғы сыңарын қосымшасыз да жұмсауға болады. Мұнан олар сөйлемде күрделі мүше сипатынан ажырамайды. Мысалы, *Жалпақ бет жігіт бері бұрылды* дегенде *жалпақ бет* — күрделі мүше. Мәселе — қазақ тілінде кей анықтауыш анықталатын сөзді түйдегімен анықтайды, оны сөйлемнің мазмұны яки контекст арқылы ажыратамыз. Мәселен, сөйлем мазмұнында *жалпақ жігіт* туралы ой жоқ, сондықтан *жалпақ*

сөзі *жігіт* сөзімен тіркеспейді. Демек, *жалпақ бет* үлгісін күрделі сөз деп тануда қосымшаның ықпалы жоқ немесе тым әлсіз. Және анықтауыштық сипаты бар *жалпақ бет* үлгісі сөйлемнен оқшау тұрған кезде ғана сөз тіркесі деп танылады. Сондай-ақ сөйлем құрылысында, біздіңше, екінші сыңары түрленіп барып қана сөз тіркесі болады. Қараңыз: ***Жалпақ бетін*** алақанымен көлегейлеп алған. ***Жалпақ бетке*** қонымды көзілдірік екен. Ал сөйлемнің бастауышы түсірілуі себепті субстантивтеніп барып түрленген жағдайда күрделі мүше ғана болады, яғни бұл жағдайда түрлену-түрленбеуі маңызды емес, қараңыз: ***Жалпақ бетке*** түсіндіріп айт. ***Жалпақ беттің*** айтқаны келді т.б.

Және бір маңызды жайт — *жалпақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді* деген үлгілердің «екеуі бірігіп басқа бір сөзді анықтап, бағыныңқы қызметте жұмсалып тұрған» жоқ, сөз тіркесінің өзінен кейінгі сөздің күрделі анықтауышы сияқты жұмсалуды — қазақ тілі синтаксисінің нормасы. Мәселен, Р. Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышында»: «...бірыңғай емес анықтауыштардың алдыңғылары өзі анықтайтын сөздің сыны емес, келесі анықтауыштың құрамындағы басқа сөздің сыны болып кететін қауіп болса, араларына үтір қойылады», – делініп, мысал ретінде мынадай сөйлем көрсетілген: *Төңіректің бәрі бірінен-бірі биік, қарағай жамылған ақ бас шың екен* (Ғ. Сыланов) [23; 87-88]. Мұнда бірінен-бірі биік боп тұрған — шың. Яғни *бірінен-бірі биік* деген тіркесім *қарағайға* емес, *шың* сөзіне қатысты. Егер үтір қойылмаса, онда бірінен-бірі биік боп тұрған қарағай боп шығар еді.

Сөйлемнің *бірінен-бірі биік, қарағай жамылған ақ бас шың* бөлігіндегі сөз тіркесінің саны төртеу, олар: *бірінен-бірі биік шың, қарағай жамылған, ақ бас шың, жамылған шың*. Байқап отырғанымыздай, осындағы *шың* сөзін қос бірдей тіркесім (*бірінен-бірі биік, қарағай жамылған*) анықтап тұрған сияқты, алайда екінші тіркесімнің сыңарлары сөйлемде жеке-жеке грамматикалық мүше қызметін атқарады, сонда *шың* сөзіне қатысты анықтауыш — *бірінен-бірі биік және жамылған* сөздері ғана. Демек, *бірінен-бірі биік және қарағай жамылған* тіркесімдері күрделі анықтауыш болмайды. Мұндағы *бірінен-бірі биік* үлгісі — *шың* сөзінің үйірлі анықтауышы және бұл анықтауышта толықтауышқа ұқсататын грамматикалық синкертизм [24] нышаны бар. Грамматикалық синкретизм нышаны қосарланған *бірінен-бірі* үлгісіндегі толықтауыш тұлғасынан шығып отыр, анығында, дәл осы үлгінің дефис арқылы қосарлануы орфографиялық норманың түрлі тұлғадағы бір сөздің қатар жұмсалудынан өзге критерийіне келіңкіремейді. Дұрысында, синтаксистік заңдылық тұрғысынан қосарламай жазу абзалырақ, салыстырыңыз: *Абзал Әнуардан бойшаң ~ бірінен бірі биік*. Ал *қарағай жамылған* тіркесімі — толықтауыштық қатынаста меңгеріле байланысқан сөз тіркесі және *шың* сөзін анықтап тұрғаны — сөз тіркесінің басынқы сыңары (*жамылған*) ғана.

Әдетте Р. Сыздықтың пунктуация жөніндегі ескертпесіне қатысты мұндай жағдай сөйлемде сөйлем мүшелерінің өз орнына емес, ауытқи қойылуына байланысты. Сөйлем мүшелерін тиісті орнына қойып көрейік: *Төңіректің бәрі қарағай жамылған бірінен-бірі биік ақ бас шың екен*. Бұл жағдайда үтір қажет емес.

Сөз тіркесінің кейінгі позициядағы сөздің анықтауышы сияқты жаңсақ ұғынылуына ұқсас келесі бір мысал күрделі сөздерге қатысты, қараңыз: *Қой көзденген қара бұжыр әйел Мариямға келіп амандасып, әлдеқайдағы әңгімелерді соғып жатыр* (Б.М.). Теориялық еңбекте осындағы алғашқы төрт сөз *әйел* бастауышының күрделі анықтауышына жатқызылған [10; 67]. Рас, бұл сөздердің анықтауыш екеніне және күрделі екеніне дау жоқ, алайда бәрін бірдей біртұтас күрделі анықтауыш деп тану — жаңсақ ұстаным. Дұрысында, *қой көзденген және қара бұжыр* күрделі сөздері *әйел* сөзінің жеке-жеке күрделі анықтауышы болады, өйткені сөйлемнің *Қой көзденген қара бұжыр әйел* бөлігінде *қой көзденген әйел және қара бұжыр әйел*, сондай-ақ *қой көзденген қара бұжыр* деген үш бөлек сөз тіркесі бар.

Орфограммалық норма дағдысында жоғарыдағыдай *жалпақ бет* тәрізді жұрнақсыз (-ды туралы) үлгілер бірігуге бейім. Салыстырыңыз: *ақсақал ~ ақ сақалды* т.с.с. Мысалы, Т. Сайрамбаев пен М. Балақаевтың үш зат есімнен тіркескен сөз тіркестеріне келтірген мысалдары (*аю төс ене, мұз балақ қыран, қошқар мұрын жігіт, жылан бас тас, мая жүн шекпен, арыстан төс айғыр, қынама бел камзол, шұбалаң құйрық ат, қаршыға көз жігіт, қаба сақал жігіт, пұшық мұрын жігіт, қол ұстам жер, жайын ауыз ботинка*) [7; 62, 64] арасында *мұз балақ* [22; 437] сөзі кейінгі нормада бірігіп жазылады. Сондай-ақ *қол ұстам жер* үлгісіне ұқсас *таяқ тастам жер* дегеннің алғашқы екі сөзі де біріктірілген [22; 546].

Және бір ден қоярлығы — осындағы күрделі сөздердің екінші сыңарына **-ды** жұрнағын жалғайтын болсақ (*қынама белді камзол, қаршыға көзді жігіт, қаба сақалды жігіт* т.б.), керісінше,

олар сөз тіркесіне айналып, бұл жұрнақтың жоғарыдағы «күрделі сөз жасауға тікелей әсері бар» деген аксиома теріске шығады.

Талданған мысалдардағы *жалпақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді және қой көзденген қара бұжыр әйел* үлгілеріне төменде және бір арнайы тоқталатын боламыз.

Бұл келтірілгендерден түйгеніміз:

1) *Бозой совхозы, Жаңатоган ауылы* дегендер — күрделі сөз, олардың сыңарлары арасындағы көмескі грамматикалық байланыс — «синтаксистік құрылысқа дейінгі нәтиже»;

2) *Абай мектебі, мал шаруашылығы* (кейінгі нормада біріккен) дегендер де — күрделі сөз, сыңарлары тілдік үнем заңының әсерінен аналитикалық тәсіл арқылы байланысып тұр, ал екінші сыңарларындағы **-ы/-і** аффикстерінің қызметі арнайы зерттеу арқылы нақтылануы қажет деп есептейміз;

3) Тіркесті күрделі сөздер (күрделі номенклатуралық атаулар және адам аты-жөнінен басқа) уақыт өте келе бірігуге бейім;

4) Кейде сөз тіркесі кейінгі позициядағы сөздің анықтауышына ұқсап тұрады және бұл — қазақ синтаксисінің нормасы, алайда мұндай үлгінің сөз тіркесін күрделі сөз деп жаңсақ түсінуге жол ашатыны бар.

Жалпы, сөз тіркесі мен тіркесті сөз (күрделі сөз) арасындағы грамматикалық айырма жайлы зерттеу мұнымен бітпейді, себебі бұл екеуінің жігі ажырағысыздай болып кеткені сондай, алдағы күндерде де арнайы зерттеуге өзек болатын ауқымды тақырып күйінде қала береді. Өз ішінен аналитикалық формант және күрделі етістік болып бөлінетін тіркесті етістіктердің өзі сөз тіркесі мен тіркесті сөз мәселесінің бір мақала аясында шешіле қоймайтынын аңдатса керек. Мәселен, агглютинативті тілдегі етістіктердің синтаксистік құрылыста көбіне аналитикалық жолмен жұмсалатыны қазіргі зерттеулерге тақырып болып жүр [25].

Ендігі мәселе сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелердің өзара байланысу сипаты, өзара грамматикалық қатынасы туралы.

Тұрлаусыз мүшелердің өзара байланысынан шығатын грамматикалық қатынас сол сөйлемдегі сөз тіркестері сыңарларының арасындағы грамматикалық қатынасқа тікелей тәуелді. Мұны қазақ тіл білімі тарихында тұңғыш анықтаған әрі егжей-тегжейлі талдап көрсеткен ғалым — Елдес Омарұлы. Бұл жайында зерттеуші Е. Маралбек: «Бүгінде қазақ лингвистикасында «сөз тіркесінің синтаксисі» мәселесі М. Балақаевтан басталады деген пікір орныққан. Міне, бұл еңбек алдағы кезеңдерде осы пікірге өзгеріс енгізетін болады», – дейді [26; 42].

Сонымен Е. Омарұлы 1925 жылы жарияланған «Қазақ тілі» мақаласында баяндауышқа тікелей қатысы бар грамматикалық мүшелерді «толық мүше» деп атап, толық мүшеге бастауыш, толықтауыш, пысықтауышты жатқызады. Толық мүшені құрамына қарай «жалқы мүше» және «қосарлы мүше» деп бөледі, яғни бір сөзден тұратыны — жалқы мүше де, бірнеше сөзден тұратыны — қосарлы мүше. Мәселен, *Желіде үйездеп тұрған жылқыны Шалман суға айдады* деген сөйлемдегі *желіде үйездеп тұрған жылқыны* деген төрт сөзді қосарлы мүше деп көрсетіп, мұндай қосарлы мүше құрамындағы «сөздерді бас-басына тексеріп, олардың да әрқайсысын бір мүше деуге болатынын» ескертеді. Сөйтіп, төрт сөзден тұратын осы қосарлы мүшенің баяндауышпен байланысатыны *жылқыны* деген сөз екенін, сондықтан оның өз алдына жеке толық мүше болатынын, ал қалған үш сөздің (*желіде үйездеп тұрған*) *жылқыны* деген толық мүшенің «қосар мүшесі» болатынын және бұл қосар мүшенің бірнеше сөзден құралған қосарлы қосар мүше екенін баяндай келіп, үш сөзден тұратын осы қосарлы қосар мүшенің баяндауышқа емес, *жылқыны* деген толықтауышқа қатысты екенін талдап көрсетеді. Онан әрі «сөйлемнің баяндауышына керек емес, толықтауышына керек» осындай қосарлы қосар мүшенің *тұрған* сөзін «тұңғыш қосар» мүше деп атап, енді осы *тұрған* деген «анықтауышқа керек» *желіде* және *үйездеп* сөздерін «қосардың қосары» деген терминмен, нақтырақ айтқанда, *үйездеп* сөзін «екінші қосар», *желіде* сөзін «үшінші қосар» деп атайды. Қараңыз: «Бұл екеуінің басым мүшесі — *үйездеп*, оның жалғыз өзі де пысықтауыш бола алады. *Жылқыны* толық мүше еді, *тұрған* тұңғыш қосар болды. Тұңғыш қосарға керек *үйездеп* (қосардың қосары) екінші қосар аталады. Әуелде біздің екінші қосарымыз *желіде үйездеп* деген екі сөз еді. Онан біз «*үйездеп*»-ті бөліп алып, соның өзін ғана екінші қосар дедік. Енді онан қалған *желіде* деген сөз екінші қосарға ғана керек үшінші қосар болады. «*Желіде*» де — пысықтауыш (мекен пысықтауышы), бірақ бұл — *суға* сықылды баяндауышқа керек емес, екінші қосар пысықтауыш «*үйездеп*»-ке керек мүше, толық мүше емес, қосар мүше (қосардың қосарының қосары — *үшінші қосар*).

Сөйлемнің баяндауышына керек мүше *толық мүше* болады. Баяндауыштан басқа бір мүшеге керек мүше *қосар мүше* аталады. Қосар мүше толық мүшеге керек болса, *тұңғыш қосар* аталады. Тұңғыш мүшенің қосары *екінші қосар*, оның қосары *үшінші қосар*, оның қосары *төртінші қосар*... аталады» [1; 94-96].

Мұнда ден қоярлығы — ғалымның «анықтауышқа керек мүше», «толықтауышқа керек мүше» және «пысықтауышқа керек мүше» деген атаулар арқылы сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелердің бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұратынын алғаш талдап көрсеткені және олардың мұндай байланысын сөйлемдегі сөз тіркестері сыңарларының арасындағы грамматикалық қатынас арқылы анықтағаны. Мысалы: «толықтауышқа керек мүше» деген *тұрған* сөзі — тура толықтауыштың сапалық анықтауышы (сөз тіркесі ретінде *тұрған жылқыны*); «анықтауышқа керек мүше» деген *үйездеп* сөзі — сапалық анықтауыштың амал пысықтауышы (сөз тіркесі ретінде *үйездеп тұрған*); «пысықтауышқа керек мүше» деген *желіде* сөзі — амал пысықтауыштың мекен пысықтауышы (сөз тіркесі ретінде *желіде үйездеп*). Сондай-ақ *желіде* сөзі — сапалық анықтауыштың мекен пысықтауышы (сөз тіркесі ретінде *желіде тұрған*).

Е. Омарұлы баспаға 1936 жылы ұсынылған «Синтаксис жаттықтырғыш» кітабының «Жетектесудің түр-түрі» бөлімінде сөз тіркесі сыңарларын «жетек сөз» (бағыныңқы) және «жетекші сөз» (басыңқы) деп бөліп, сөйлемдегі бір бағыныңқының келесі бір сөзге басыңқы болатыны туралы былай дейді: «Сөйлемнің бір мүшесіне ерген жетек өзіне тағы бір сөзді бағындырып, соған жетекші бола алады. Оған бағынған жетектің өзіне ерткен тағы жетегі болу да мүмкін» [1; 247]. Яғни ғалым осы арқылы сөйлем мүшелерінің синтагмалық бөлшектерге қарай байланысу мүмкіндігі кең екенінен хабар береді.

Сөйлемдегі сөздердің тіркесу мүмкіндігіне қарай оларды *шұбырма жетек*, *жарыспа жетек*, *тел жетек* деп бөледі де, *Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме* деген сөйлемнің *жүрме* баяндауышына *сыртынан* сөзінің бағынғанын (меңгеру: *сыртынан жүрме*), ал осы бағыныңқыға *аттың* сөзі бағынғанын (матасу: *аттың сыртынан*), енді бұл бағыныңқыға *білмеген* сөзінің бағынғанын (қабысу: *білмеген аттың*) және бұл бағыныңқыға *сырын* сөзінің бағынғанын (меңгеру: *сырын білмеген*) талдап көрсетіп, бұл үлгіні «шұбырма жетекке» мысал етеді.

Бүгін сабақты жақсы түсіндік деген сөйлемдегі бір ғана *түсіндік* баяндауышына *бүгін*, *сабақты*, *жақсы* деген үш сөздің әрқайсысы жекелей бағынатынын көрсетіп, бұл үлгіні «жарыспа жетекке» мысал етеді.

Оны есіткенім болмаса, көргенім жоқ деген сөйлемдегі *оны* сөзінің *есіткенім* және *көргенім* деген екі қос бірдей басыңқыға бағынып тұрғанын сипаттай талдап, бұл үлгіні «тел жетекке» мысал етеді де, сөйлемдегі грамматикалық мүшелердің «өзара бірөңкей *шұбырма* боп та, бірөңкей *жарыспа* боп та, *тел* боп та келе беретінін», дегенмен көбіне «жетектесудің бұл үш түрі араласа келетінін» ескертеді [1; 247].

Сонда ғалымның жоғарыда келтірілген *Желіде үйездеп тұрған жылқыны Шалман суға айдады* сөйлеміндегі *желіде* сөзі *үйездеп* амал пысықтауышына және *тұрған* сапалық анықтауышына бағынған «тел жетек» болады.

Ғалымның бұл талдауынан сөйлем мүшелерінің грамматикалық мағыналары сол сөйлемдегі сөз тіркестерінің сыңарлары арасындағы грамматикалық қатынасқа тікелей тәуелді болатынын, екіншіден, тұрлаусыз мүшелердің бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұратынын нақты мысалдар арқылы аңғарып отырмыз.

Сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелердің өзара байланысынан шығатын грамматикалық қатынастың жай-жапсары грамматика теориясына арналған еңбектерде Е. Омарұлынан кейін тек 1950 жылдары ғана жалғасты. Мәселен, ғалым М. Балақаев *Қолдың саласындай тарамданған арықтардың біреуі бара-бара ұлғайып... қарауытқан сай болды* (Б. Майлин) деген сөйлемде тұрлаусыз мүшелердің тұрлаулы мүшелерді және бірін-бірі анықтап, пысықтап тұрғанын көрсетеді және *тарамданған* деген анықтауыштың *арықтардың* деген анықтауышты анықтап тұрғанына (меншікті анықтауыштың сапалық анықтауышы), сондай-ақ *қолдың саласындай* деген пысықтауыштың *тарамданған* деген анықтауышты пысықтап тұрғанына (сапалық анықтауыштың амал пысықтауышы) назар аудартады. Онан әрі: «Осылардай тұрлаулы мүшелердің ғана емес, тұрлаусыз мүшелердің де: анықтауыштың — анықтауышы, пысықтауышы, толықтауышы; толықтауыштың — анықтауышы, толықтауышы, пысықтауышы; пысықтауыштың — толықтауышы, пысықтауышы болуы мүмкін», — дейді [2; 146].

Автордың «мүмкін» деп отырған себебі — бұл мәселе отандық тіл білімінде 1920 жылдардан кейін арнайы зерттеу нысанына алынбады. Әйтпесе ғалым көрсеткен грамматикалық байланыс тұрлаусыз мүшелер арасында әуелден бар-ды.

Профессор Ж. Жақыпов 2021 жылы жарық көрген «Сөйлем мүшелері теориясына» мақаласында отандық лингвистердің «тұрлаусыз мүшелер бірін-бірі толықтап, анықтап, пысықтап тұратынын ескермей жүргенін» айта келіп: «Мысалы, *Бір сөзі мен бір сөзін жалғастыруға Абай үлгірмей адасып қалып отыр* деген сөйлемде *бір* деген сан есімнен болған анықтауыш *сөзін* деген толықтауышты анықтап тұр (тура толықтауыштың сапалық анықтауышы. — Авт.); ал *сөзін* толықтауышы *жалғастыруға* деген толықтауышты толықтап тұр (жанама толықтауыштың тура толықтауышы. — Авт.); *жалғастыруға* деген толықтауыш *үлгірмей* деген пысықтауышты толықтап тұр (амал пысықтауыштың жанама толықтауышы. — Авт.). *Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді* деген сөйлемде *қарсысына таман* деген пысықтауыш *отырған* деген анықтауышты пысықтап тұр (сапалық анықтауыштың мекен пысықтауышы. — Авт.); *отырған* деген анықтауыш *Сүйіндікке* деген толықтауышты анықтап тұр (жанама толықтауыштың сапалық анықтауышы. — Авт.); *Сүйіндікке* деген толықтауыш *қадалып* деген пысықтауышты толықтап тұр (амал пысықтауыштың жанама толықтауышы. — Авт.). Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады», — дейді [3; 35].

Онан беріде (2023 жылы) зерттеуші Ж. Баймұрынов «Қазақ тіліндегі тұрлаусыз мүше хақында» мақаласында сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелер арасындағы осындай байланыс үлгілерін төмендегіше топтап көрсетеді:

- 1) Анықтауыштың анықтауышы;
- 2) Толықтауыштың анықтауышы;
- 3) Пысықтауыштың анықтауышы;
- 4) Анықтауыштың толықтауышы;
- 5) Толықтауыштың толықтауышы;
- 6) Пысықтауыштың толықтауышы;
- 7) Анықтауыштың пысықтауышы;
- 8) Толықтауыштың пысықтауышы;
- 9) Пысықтауыштың пысықтауышы [4; 39-40].

Енді осыларды жекелей сипаттап көрейік.

Анықтауыштың анықтауышы. *Ұлы футболшының орнын басқа біреу басады* (Ш. Айтматов) деген сөйлемнің бір анықтауышы — *футболшының*. Бұл анықтауыш *ұлы футболшының* тіркесінің басыңқы сыңары болып тұр. Егер сөз тіркесінің әр сыңары жеке сөйлем мүшесі болатынын ескерсек, онда *ұлы* сөзі меншікті анықтауыш қызметіндегі *футболшының* сөзінің сапалық анықтауышы болады. Байланысу түрі — қабысу.

Т. Сайрамбаев *Ұзын тұмсықты, қара қоңыр құстар көгілдір айдыңның бір көрінімдей аумағын шеңберлей қоршап, әлгі ақ қайраңға қарай қиқулап жүзіп келеді* (Ө. Сәрсенбаев) деген сөйлемдегі алғашқы екі сөздің тіркесімі жайлы: «...*ұзын тұмсықты* тіркесінің өзіндік ерекшелігі бар. *Тұмсық* сөзі өзінен бұрынғы бірнеше сын есімдермен тіркесіп, басыңқы қызметте жұмсалғанымен, **-ты** (тұмсықты) жұрнағының қосылуының нәтижесінде қатыстық сын есімге айналып, өзінің бұрынғы анықтауышымен бірге *құс* сөзіне бағыныңқы қызметте жұмсалып тұр. Сонда *ұзын тұмсық* өзара тіркескенімен, *ұзын тұмсықты* күйінде бұрынғы сөз тіркесі дәрежесінен алыстап, сол тобымен сөз тіркесінің бір-ақ сыңары қызметінде жұмсалатын болады. *Ұзын тұмсық* осы күйінде жай сөз тіркесі болса, *ұзын тұмсықты құс* дегенде толық мағыналы сөздердің қатысы арқылы (*ұзын тұмсықты*) бағыныңқы сыңары бар күрделі сөз тіркесі жасалып отыр. *Ұзын тұмсық* пен *ұзын тұмсықты құс* деген сөз тіркестерінің мағыналық жағынан да, жасалу жағынан да бір-бірінен өзгешелігі бар» [7; 24-25], — дейді.

Біздіңше, сөйлемдегі бірінші және екінші сөздің байланысы — лексикалық байланыс емес, синтаксистік байланыс. Байланыс түрі де (қабысу), тәсілі де, осы байланыстан шығатын анықтауыштық мағына да айқын. Нақты айтқанда, *ұзын тұмсықты* тіркесіміндегі сөздердің орны тұрақтанбаған, сөз тіркесі дәрежесінен алыстай қоймаған. Сондықтан *құстар* басыңқысымен *қара қоңыр* тәрізді түйдегімен емес, *тұмсықты* сөзі ғана жеке байланысады да, *ұзын тұмсықты* тіркесімі өз алдына жеке сөз тіркесі болады. Демек, *ұзын* сөзін *тұмсықты* сөзінің «бұрынғы анықтауышы» деуге келіңкіремейді.

Т. Сайрамбаев пен М. Балақаевтың оқулығында күрделі анықтауыштың өз ішінен қабыса және матаса байланысқан түрлі сөз табынан құралатыны айтылып, мысал ретінде *ақ орамалды, төрт қырлы, ат жақты, күміс қоңыраулы, қызыл күрең, таудай талапты, семізше келген* т.б. тіркесімдері келтірілген [7; 483]. Мысалдардағы *ат жақты, таудай талапты* тіркесімдері сыңарларының орны өзгелеріне қарағанда біршама тұрақтанған, сонысына қарай күрделі сөзге жатқызу қисындырақ көрінуі мүмкін. Сол сияқты *қызыл күрең, семізше келген* тіркесімдері де сөз тіркесінің шарттарына сай келмейді, яғни күрделі сөз екені анық. Асылы, күрделі сөз сыңарлары арасынан матасу, қабысу тәрізді синтаксистік байланыс іздеу дұрыс емес. Ал күрделі анықтауыш ретінде келтірілген өзге мысалдың барлығында да байланысу тәсілі (орын тәртібі), түрі (қабысу) айқын, демек, олар (*ақ орамалды, төрт қырлы, күміс қоңыраулы*) — сөз тіркесі. Сондай-ақ Т. Сайрамбаев талдауынан ілгеріде мысалға алынған *жалпақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді* тіркесімдері жөнінде де осындай пікірдеміз. Бұлар — сапалық анықтауыштың сапалық анықтауышының мысалы. Ал *қой көзденген қара бұжыр әйел* дегендегі *қой көзденген* — *қара бұжыр* күрделі сапалық анықтауышының түйдегімен жұмсалған күрделі сапалық анықтауышы, Е. Омарұлының тілімен айтқанда, *қой көзденген* күрделі сөзі *қара бұжыр* және *әйел* сөздеріне «тел жетек» болады.

Мұнан жоғарырақта біз талдаған тіркес — меншікті анықтауыштың сапалық анықтауышының мысалы (қараңыз: *ұлы футболшының*).

Өзінің баласындай бала екен сөйлеміндегі *өзінің баласындай* — сапалық анықтауыштың меншікті анықтауышы.

Бүгін Абай қосына қонаққа кеп отырған достарының осындай сыры бар (М. Әуезов) сөйлеміндегі матаса байланысқан *Абай достарының* тіркесінде *Абай* сөзі — меншікті анықтауыштың меншікті анықтауышы.

Осы орайда *Мұнан жоғарырақта талданған тіркес* — *меншікті анықтауыштың сапалық анықтауышының мысалы* сөйлемінде *анықтауыштың анықтауышының* деген тіркес бар екеніне және бұл тіркес сыңарларының да сөйлемде меншікті анықтауыштың меншікті анықтауышы болып тұрғанына көңіл аударғанымыз абзал.

Толықтауыштың анықтауышы. *Жаңа туған құйтақандай қозының дірілдеген денесіне жабысқан шаранасын енесі жалап тұр екен* (Ш. Айтматов) сөйлеміндегі сөз тіркестері: *жаңа туған, туған қозының, құйтақандай қозының, қозының денесіне, қозының шаранасын, қозының енесі, дірілдеген денесіне, денесіне жабысқан, жабысқан шаранасын, шаранасын жалап тұр екен*. Осылардың арасында толықтауышпен анықтауыштық қатынаста байланысқан тіркес саны төртеу: *қозының денесіне, қозының шаранасын, дірілдеген денесіне, жабысқан шаранасын*. Мұның алғашқы екеуі матаса, кейінгі екеуі қабыса байланысқан. Сондай-ақ *қозының денесіне* тіркесінің бағыныңқысы — *жанама толықтауыштың меншікті анықтауышы, қозының шаранасын* тіркесінің бағыныңқысы — *тура толықтауыштың меншікті анықтауышы, дірілдеген денесіне* тіркесінің бағыныңқысы — *жанама толықтауыштың сапалық анықтауышы, жабысқан шаранасын* тіркесінің бағыныңқысы — *тура толықтауыштың сапалық анықтауышы*.

Енді бірде толықтауышты үйірлі анықтауыштың да анықтап тұратыны бар. Мысалы, *Ояна сала анасы даярлап қойған асты ішті де, асығыс киініп сыртқа шықты* (Ә. Нұрпейісов) сөйлеміндегі қабыса байланысқан *анасы даярлап қойған асты* тіркесінде бағыныңқы сыңар боп тұрған *анасы даярлап қойған* — *тура толықтауыштың (асты) үйірлі анықтауышы*.

Пысықтауыштың анықтауышы. *Ұзын тұмсықты, қара қоңыр құстар көгілдір айдыңның бір көрінімдей аумағын шеңберлей қоршап, әлгі ақ қайраңға қарай қиқулап жүзіп келеді* (Ә. Сәрсенбаев) деген сөйлемдегі *ақ қайраңға қарай* және *әлгі қайраңға қарай* тіркесінің екеуінде де бағыныңқы сөздер (*ақ, әлгі*) — мекен пысықтауышының сапалық анықтауышы. Екеуінің де байланысу түрі — қабысу.

Бүгін Абай қосына қонаққа кеп отырған достарының осындай сыры бар (М. Әуезов). Бұл сөйлемде матаса байланысқан *Абай қосына* тіркесінің бағыныңқысы (*Абай*) — мекен пысықтауышының (*қосына*) меншікті анықтауышы.

Алыстан зауыт мұржасы сияқтанып көрінеді екен сөйлеміндегі *зауыт мұржасы сияқтанып* тіркесінің бағыныңқысы — амал пысықтауышының меншікті анықтауышы.

Пысықтауыштың анықтауышы сонымен қатар өз ішінде мезгіл пысықтауышының меншікті және сапалық анықтауышы, мақсат пысықтауышының меншікті және сапалық анықтауышы, себеп пысықтауышының меншікті және сапалық анықтауышы, сондай-ақ амал пысықтауышының сапалық анықтауышы боп бөлінуі мүмкін. Бұл — алдағы зерттеудің еншісіндегі мәселе.

Анықтауыштың толықтауышы. *Жаңа туған құйтақандай қозының дірілдеген денесіне жабысқан шаранасын енесі жалап тұр екен* (Ш. Айтматов) сөйлемінде меңгеріле байланысқан денесіне жабысқан тіркесінің бағыныңқысы — сапалық анықтауыштың жанама толықтауышы.

Рас, тіркестің бағыныңқы сыңары (*денесіне*) пысықтауыш боп түсінілуі де мүмкін (қайда жабысқан?). Алайда *денесіне* сөзімен матаса байланысқан *қозының* сөзі оған пысықтауыштық емес, толықтауыштық қызмет жүктейді. Кері сұрақ «қозының несіне?» болады. Біздіңше, сөйлемнің *дірілдеген денесіне* дейінгі бөлігін алып тастаса, онда, сөз жоқ, *денесіне жабысқан* тіркесінің бағыныңқысы пысықтауыш болар еді.

Бүгін әкемді құттықтаған адам ерекше көп болды деген сөйлемде меңгеріле байланысқан *әкемді құттықтаған* тіркесінің бағыныңқысы — сапалық анықтауыштың тура толықтауышы.

Алдағы күннің еншісіне қалып отырғаны — меншікті анықтауыштың тура толықтауышы мен жанама толықтауышын анықтау. Дегенмен сан ғасыр бойы қалыптасқан грамматикалық қалыбы бар қазақ тілінен бұл аталған үлгілерге сай тіркестің табыла қоюы екіталай.

Толықтауыштың толықтауышы. *Саған айтылғанды мен де түсініп алдым және Осы суретті бояғанын көрсем деп едім* деген сөйлемдердің алғашқысында *саған айтылғанды* тіркесінің бағыныңқысы — тура толықтауыштың жанама толықтауышы, кейінгісінде *суретті бояғанын* тіркесінің бағыныңқысы — тура толықтауыштың тура толықтауышы.

Бір қарағанда, *Кітаптан дәптерге көшірді* сөйлемінің алғашқы екі сөзі грамматикалық байланысқа түсіп, жанама толықтауыштар бірін-бірі толықтап тұрғандай көрінеді. Алайда *кітаптан дәптерге* сөздері сөйлемде байланысқанымен, сөз тіркесі болмайды. К. Ахановтың мына пікіріне назар аударайық: «Еркін сөз тіркесі ажыратылатын, мүшеленетін тіркес бола отырып мағыналық және құрылымдық бүтіндігін сақтайды. Мазмұн тұтастығы мен семантикалық тиянақтылық сөз тіркесіне ғана тән қасиет болып саналады. Сөз тіркесінің осы қасиеті оны сөйлемдегі сөздердің басқаша тіркестерінен, мысалы, толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тізбегінен ажыратады. Мысалы, *көлге дейін... тауға қарай...* тәрізді толық мағыналы сөз бен көмекші сөздердің тіркесінің мағыналық жақтан аяқталмағандығы, тиянақты емес екендігі, басқа бір сыңардың (сөздің) жетпей тұрғандығы аңғарылады» [20; 190].

Ғалымның бұл тұжырымында көмекші сөз арқылы күрделенетін мүше туралы айтылып тұрғанымен, «құрылымдық бүтіндік», «семантикалық тиянақтылық» дегендері жалпы сөз тіркесіне қатысты. Жоғарыдағы сөйлемде сөз тіркесінің саны екеу ғана: *кітаптан көшірді, дәптерден көшірді*. Егер мұның алдындағы сөйлемдерде талданған *суретті бояғанын, саған айтылғанды* тіркестерінің басынқысынан бағыныңқысына тікелей сұрақ қойылатын (*нені бояғанын? кімге айтылғанды?*) болса, *кітаптан дәптерге* дегенде «дәптерге неден?» немесе «неден дәптерге?» деп тікелей сұрақ қойылмайды. «Дәптерге неден көшірді?» деп баяндауыш арқылы ғана сұрақ қойылады. Мұнан тұрлаусыз мүшелердің өзара байланысын анықтауда сөйлемдегі сөз тіркесін дұрыс анықтаудың қаншалықты маңызды екені және бір аңғарылады.

Жоғарыда профессор Ж. Жақыпов талдауынан келтірілген *Бір сөзі мен бір сөзін жалғастыруға Абай үлгірмей адасып қалып отыр* деген сөйлемде меңгеріле байланысқан *сөзін жалғастыруға* тіркесінің бағыныңқысы (*сөзін*) — жанама толықтауыштың тура толықтауышы.

Ал жанама толықтауыштың жанама толықтауышын анықтау — келер күннің міндеті. Десек те мұндай тіркес түрі бар деп алдын ала үзілді-кесілді болжам жасауға келмейді.

Грамматика теориясына арналған еңбектердің бірінде «...күрделі толықтауыштарды өз ішінде сөйлем мүшелеріне ажыратуға болатыны» жайында тұжырым бар [13; 652]. Бұл мәселе күрделі мүше мен сөз тіркесінің, яғни тіркесті сөз бен сөз тіркесінің ара-жігі қазақ тіл білімінде әлі күнге дейін нақты анықталмай келе жатқанын білдіреді. Әйтпесе кез келген күрделі мүшені өз ішінен сөйлем мүшелеріне жіктеп бөлу және, жоғарырақта келтіргеніміздей, күрделі сөз сыңарлары арасынан матасу, қабысу, меңгеру тәрізді синтаксистік байланыс іздеу грамматикалық нормаға қайшы екені өзінен-өзі түсінікті.

Пысықтауыштың толықтауышы. *Кәлен атын белдеуге байлап жатып ауыл тірлігіне көз салып өтті* (Ө. Нұрпейісов). Бұл сөйлемдегі меңгеріле байланысқан *атын байлап жатып* және *белдеуге байлап жатып* тіркестерінде алғашқысының бағыныңқысы (*атын*) — мезгіл пысықтауыштың тура толықтауышы, кейінгісінің бағыныңқысы (*белдеуге*) — мезгіл пысықтауышының жанама толықтауышы.

Ал *Мұнан жоғарырақта талданған тіркес — меншікті анықтауыштың сапалық анықтауышының мысалы* сөйлемінде *мұнан жоғарырақта* тіркесінің бағыныңқысы (*мұнан*) — мекен пысықтауышының жанама толықтауышы.

Айтқанымды түсінгендей ишара қылды деген сөйлемде меңгеріле байланысқан *айтқанымды түсінгендей* тіркесінің бағыныңқысы — амал пысықтауышының тура толықтауышы.

Аз күн жазға мәз болып ұмытып кеткен қорлығының бәрін қайтадан малышының есіне түсірмек (Ш. Айтматов) деген сөйлемде *жазға мәз болып* тіркесінің бағыныңқысы — амал пысықтауышының жанама толықтауышы.

Е. Омарұлы мақаласында талданған *Шалман суға жылқы айдаймын деп атын ерледі* сөйлемінде меңгеріле байланысқан *жылқы айдаймын деп* және *суға айдаймын деп* деген тіркестер бар. Мұның біріншісінің бағыныңқысы (*жылқы*) — мақсат пысықтауышының тура толықтауышы да, екіншісінің бағыныңқысы (*суға*) — мақсат пысықтауышының жанама толықтауышы.

Сыртқа шыққан кісі үскірік желге шыдамай жалт бұрылып ішке тығылып жатыр (Ә. Нұрпейісов) сөйлемінде *желге шыдамай* тіркесінің бағыныңқысы — себеп пысықтауышының жанама толықтауышы.

Пысықтауыштың толықтауышы өз ішінде мекен пысықтауышының тура толықтауышы және себеп пысықтауышының тура толықтауышы боп бөлінуі мүмкін.

Анықтауыштың пысықтауышы. *Бүгін әкемді құттықтаған адам ерекше көп болды* деген сөйлемде *жанаса* байланысқан *бүгін құттықтаған* тіркесінің бағыныңқысы — сапалық анықтауыштың мезгіл пысықтауышы.

Аз күн жазға мәз болып ұмытып кеткен қорлығының бәрін қайтадан малышының есіне түсірмек (Ш. Айтматов) сөйлемінде *қабыса* байланысқан *мәз болып ұмытып кеткен* күрделі тіркесінің бағыныңқысы (*мәз болып*) — сапалық анықтауыштың амал пысықтауышы. Сол сияқты, ілгеріде М. Балақаев талдауынан мәлім болған *қолдың саласындай тарамданған* тіркесінің түйдекті бағыныңқысы да — сапалық анықтауыштың амал пысықтауышы.

Сөйлемде амал пысықтауышының басқа тұрлаусыз мүшелермен, сондай-ақ пысықтауыштың өзге мағыналық түрлерімен және баяндауыш мүшемен байланысын дұрыс анықтау сол сөйлемнің пунктуациясының (әсіресе үтірдің) нормаға сай қойылуына ықпал етеді. Мысалы, жоғарыда Ш. Айтматовтан келтірілген сөйлемде күрделі сапалық анықтауыштың амал пысықтауышпен семантикалық байланысын анықтамаудан кейде *мәз болып* тіркесімінен кейін үтір жаңсақ қойылып жатады және пунктуациялық мұндай бейнорма қазіргі қазақ мәтіндерінде өте көп. Және бір мысал: *Ылдидағы жазықта қараңғы түнді ақ жалынмен арбап, ақ бауыр жай оттары ойнақтайды* (Ш. Айтматов) деген сөйлемде амал пысықтауышының баяндауышпен байланысын дұрыс анықтамаудан *арбап* сөзінен кейінгі үтір орынсыз қойылған. Себебі бұл сөйлемде *арбап* сөзі жеке бір оралымдағы әрекетті білдірмей, баяндауыш (*ойнақтайды*) арқылы мәлім болған әрекеттің пысықтауышы болып тұр (*арбап ойнақтайды*).

Қалада тұратын таныстарынан ау тоқитын жіп сұрап әкеп, балықшыларға аз-аздап бөліп берді (Ә. Нұрпейісов) деген сөйлемдегі *қалада тұратын* тіркесінің бағыныңқысы — сапалық анықтауыштың мекен пысықтауышы.

Меншікті анықтауыштың мезгіл, мекен, мақсат, себеп, амал пысықтауышымен және сапалық анықтауыштың мақсат, себеп пысықтауышымен қатынасын анықтау да келер күннің еншісіне қалып отыр.

Орайы келгенде айта кеткен жөн, анықтауыш зат есімнен болған мүшені, пысықтауыш етістіктен болған мүшені анықтайды [2; 177]. *Осы үйдің кішкене қызының қасында жүгіріп жүретін күшік шабаланып шықты да, құйрығын бұлғаңдатып, үргенін қоя қойды* (Ш. Айтматов) деген сөйлемде баяндауышпен іргелес байланысқан етістік негізді тура толықтауыш (*үргенін*) әдетте *бұлғаңдатып* амал пысықтауышымен тіркесе береді. Осыдан барып сөйлемде *бұлғаңдатып үргенін* деген тіркес бар тәрізді көрінеді. Ал, дұрысында, сөйлем мазмұны бойынша, *бұлғаңдатып* пысықтауышы *қоя қойды* баяндауышымен ғана тіркесіп тұр. Амал пысықтауышы баяндауышпен араға осылай етістік негізді тура толықтауыш салып байланысқанда, сөйлем мазмұнына қарай амал пысықтауышынан кейін үтір (сөйлемдегі үтірді қойған — біз. — Авт.) қойылғаны абзал. Мұндай үтір сөйлемді синтаксистік талдау кезінде жаңсақтыққа (*бұлғаңдатып үргенін*) ұрынбас үшін қажет.

Толықтауыштың пысықтауышы. *Бүбіжан оның қарап тұрғанын сезіп, Танабай жаққа бұрылмауға тырысып бара жатады* (Ш. Айтматов) сөйлемінде меңгеріле байланысқан *Танабай*

жаққа бұрылмауға күрделі тіркесінің бағыныңқысы (*Танабай жаққа*) — жанама толықтауыштың мекен пысықтауышы.

Айқайлап сөйлегенін қоя қойды сөйлеміндегі қабыса байланысқан *айқайлап сөйлегенін* тіркесінің бағыныңқысы — тура толықтауыштың амал пысықтауышы.

Мұнда да жанама толықтауыштың мезгіл, мақсат, себеп, амал пысықтауышымен және тура толықтауыштың мезгіл, мекен, мақсат, себеп пысықтауышымен қатынасын анықтау келешектің еншісінде.

Пысықтауыштың пысықтауышы. Е. Омарұлы талдаған *Желіде үйізден тұрған жылқыны Шалман суға айдады* сөйлеміндегі алғашқы екі сөздің біріншісі (*желіде*) — амал пысықтауышының (*үйізден*) мекен пысықтауышы. Мұнда *үйізден* сөзі *желіде* сөзін пысықтауыштық қатынаста меңгеріп тұр.

Ұзын тұмсықты, қара қоңыр құстар көгілдір айдынның бір көрінімдей аумағын шеңберлей қоршап, әлгі ақ қайраңға қарай қиқулап жүзіп келеді (Ә. Сәрсенбаев) деген сөйлемде *қоршап* — бірыңғай амал пысықтауышының бірі. Қараңыз: *қоршап жүзіп келеді* және *қиқулап жүзіп келеді*. Сонда мұндағы қабыса байланысқан *шеңберлей қоршап* тіркесінің бағыныңқысы амал пысықтауышының амал пысықтауышы болады.

Екеуі де құйындай шауып бара жатып алапат арпалыс бастады (Ш. Айтматов). Бұл сөйлемде қабыса байланысқан *құйындай шауып бара жатып* күрделі тіркесінің бағыныңқысы (*құйындай*) — мезгіл пысықтауышының амал пысықтауышы.

Бір карағанда, *құйындай шауып бара жатып* тіркесінің басыңқы сыңарын амал пысықтауышына да ұқсатуға болады, оның үстіне, грамматикалық еңбектерде мезгіл пысықтауышының **-ып, -іп, -п** көсемше тұлғасымен жасалатыны жайлы мәлімет кездеспейді. Әйтсе де талданып отырған бұл тіркестің басыңқы сыңары (*шауып бара жатып*) баяндауыш арқылы мәлім болған әрекетті (*бастады*) амалдық жағынан емес, мезгілдік жағынан пысықтап тұрғаны анық. Мысалы, *Жайлауға көшіп бара жатып айтқан әңгімесі көкейімнен кетер емес* сөйлемінде *көшіп бара жатып айтқан* тіркесіндегі бағыныңқы сыңар да (*көшіп бара жатып*) мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалып тұр. Рас, бұл тіркестің бағыныңқы сыңарын *көшіп бара жатқанда* деп есімше тұлғасына ауыстыруға болады, дегенмен мезгіл пысықтауышының сөйлеу дағдысында **-ып, -іп, -п** көсемше тұлғасымен де жасала беретінін жоққа шығаруға және келмейді. Жоғарыда пысықтауыштың толықтауышын көрсетуде талданған *Кәлен атын белдеуге байлап жатып ауыл тірлігіне көз салып өтті* деген сөйлемдегі мезгіл пысықтауыш (*байлап жатып*) жайлы да осындай ұйғарымдамыз.

Анықтауыш зат есімнен болған мүшені, пысықтауыш етістіктен болған мүшені анықтайды [2; 177] дегенімізбен, кейде пысықтауыштың (себеп пысықтауыш) құрама баяндауышқа ұқсас (есім + етістік) тұтас тіркесті анықтайтын кезі де бар. Бұл жайында «Қазақ грамматикасында»: «Себеп пысықтауыштар тікелей етістікке ғана қатысты бола бермей, кейде пысықтауыштың басқа түрлерімен де мағыналық байланыста болып, етістікке сол арқылы ғана қатысты болып тұрады. Мысалы, *Матвеевтің даусы шаршағандықтан бәсең шықты* деген сөйлемдегі амал пысықтауышты (*бәсең*) алып тастасақ, себеп пысықтауыш пен етістік арасында дұрыс мағыналық байланыс болмас еді» [13; 659], – делінген. Осындағы себеп пысықтауыш (*шаршағандықтан*) баяндауышпен де (*шықты*), амал пысықтауышпен де (*бәсең*) тіркесіп тұрған жоқ. Сөйлемде үш тіркес қана бар: *Матвеевтің даусы, даусы шықты, бәсең шықты. Шаршағандықтан* себеп пысықтауышы қабыса байланысқан *бәсең шықты* тіркесін тұтасымен анықтап тұр.

Жоғарыда келтірілген жайт пысықтауыштың өзгелерге карағанда табиғаты бөлек күрделі мүше екенін көрсетеді. Сондықтан арнайы зерттелуге тиіс қатпары мол пысықтауыштың семантикалық түрлері арасындағы байланыс сипатын анықтау да — келешек үлесіндегі келелі мәселе.

Қорытынды

Мақала көлемінде жасалған шағын шолу, шағын талдау арқылы тұрлаусыз мүшелердің сөйлемдегі өзара байланысын, синтаксистік әлеуетін сипаттауға тырыстық. Осы орайда қазақ тіл білімі синтаксисінің тұрлаусыз мүшелер теориясында бейтарап қалып келе жатқан мәселелер көрсетілді, біршама айғақ келтірілді. Алдағы күндерде атқарылар жұмысқа бағдар жасалды. Қорыта айтқанда, біздегі дәстүрлі лингвистиканың түйіні шешілмеген бір бағыты жаңа ғасырда тұңғыш рет арнайы нысанға алынды. Мақала көлемінде баяндалған кей тұжырымның зерттеле келе орнығуы не өзгеруі мүмкін екенін де жоққа шығармаймыз.

Сонымен мақаланың түйінді тұжырымдарын төменде топтап отырмыз:

– сөйлемдегі сөз тіркесі сыңарларының арасындағы грамматикалық қатынас — сөйлем мүшелерінің синтаксистік мағынасын анықтайтын критерий, яғни сөйлем мүшелерінің грамматикалық мағынасы сол сөйлемдегі сөз тіркестері сыңарларының арасындағы грамматикалық қатынасқа тікелей байланысты;

– тіркесті күрделі сөз бір ғана сұраққа жауап береді және сөйлемде бір ғана грамматикалық мүше қызметін атқарады, ал сөз тіркесінің анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста байланысатын сыңарлары дербес сұраққа жауап береді және сөйлемде әр сыңары дербес сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады;

– сөйлемді грамматикалық мүшелеу кезінде әуелі ондағы сөз тіркестерін анықтап, сөз тіркесі арқылы сөйлем мүшелеріне қарай жылжыған дұрыс;

– кейде тіркесті күрделі сөз сыңарларының арасында матасуға ұқсас көмескі грамматикалық байланыс (*Бозой совхозы, Жаңатоган ауылы*) бар тәрізді көрінеді, алайда мұндай көмескі байланыс — сол күрделі сөздің сөйлем құрылысына дейінгі нәтижесі, басқаша айтқанда, олар синтаксистік құрылысқа дейін алғашқы байланыстан өтіп қойған, сондықтан сөйлем құрылысына даяр күйінде кеп кірігеді;

– сыңарлары арасында матасуға ұқсас грамматикалық байланыс бар тәрізді көрінетін кей күрделі сөз (*Абай мектебі*) тілдік үнем заңының әсерінен қалыптасуы мүмкін;

– кейде сөз тіркесі кейінгі позициядағы сөздің түйдекті анықтауышына ұқсап тұрады және бұл — қазақ синтаксисінің нормасы, соған қарамастан мұндай үлгі сөз тіркесін күрделі сөз деп жаңсақ түсінуге ықпал етіп жатады;

– тіркесті күрделі сөз арасынан сөз тіркесіне тән анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық тәрізді грамматикалық мағына немесе матасу, меңгеру, қабысу тәрізді байланыс түрін іздеу — күрделі сөз теориясына қайшы ұстаным;

– сөз тіркесі мен тіркесті күрделі сөздің грамматикалық жігі ажыратқысыз болып кеткені сондай, бұл турасында теорияның молдығына қарамастан арнайы зерттелуі тиіс ауқымды тақырып күйінде қалып отыр;

– қазақ тіл білімінде сөйлемді грамматикалық мүшелеудің толық тәртібін 1925 жылы «Қазақ тілі мақаласында» ең алғаш тәптіштей талдап көрсеткен — Елдес Омарұлы;

– тұрлаусыз мүшелер сөйлемде бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұрады: анықтауыш мүше анықтауышты және толықтауыш пен пысықтауышты да анықтайды; толықтауыш мүше анықтауышты және толықтауыш пен пысықтауышты да толықтайды; пысықтауыш мүше анықтауышты және толықтауыш пен пысықтауышты да пысықтайды;

– пысықтауыш сөйлемде кейде тұтас сөз тіркесін пысықтап тұрады;

– сөйлемді грамматикалық мүшелеу барысында осы мақаланың тұжырымдары басшылыққа алынса, біріншіден, сөз тіркесі мен тіркесті күрделі сөз арасындағы грамматикалық жік біршама айқындала түседі; екіншіден; сөйлемнің пунктуациялық ресімделуіне қатысты біраз жайттың басы ашылады; үшіншіден, сөйлем талдауда объективті ұстаным алға шығады т.б.

Әдебиеттер тізімі

1 Омарұлы Е. Елдес Омарұлы шығармалары / Е. Омарұлы; құраст.: Е. Маралбек, жауап. ред.: З. Ахметжанова. — Алматы: «Лұғат» қоғамдық қоры, 2018. — 1-том. — 300 б.

2 Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі / М. Балақаев. — Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. — 237 б.

3 Жақыпов Ж. А. Сөйлем мүшелері теориясына / Ж. А. Жақыпов // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2021. — № 3(136). — Б. 31–38.

4 Баймұрынов Ж. Қазақ тіліндегі тұрлаусыз мүше хақында / Ж. Баймұрынов // Uluslararası Dil ve Edebiyat araştırmaları sempozyumu. — Ерзурум, 2023. — № 1368. — Б. 32–46.

5 Байтұрсынұлы А. Тандамалы шығармалары / А. Байтұрсынұлы; құраст.: Е. Тілешов, Н. Аитова (жауап. ред.), О. Жұбай, А. Қалдырхан. — Астана, 2022. — 240 б.

6 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы: оқулық / С. Аманжолов. — Алматы: Санат, 1994. — 320 б.

7 Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі / Т. Сайрамбаев. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. — 640 б.

8 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері / К. Аханов. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 1972. — 216 б.

- 9 Исаев С. М. Қазақ тілі: оқу құралы / С. М. Исаев. — Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. — 208 б.
- 10 Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис: оқу құралы. Стер. бас. / Б. Шалабай. — Алматы: Қазақ университеті, 2020. — 186 б.
- 11 Шәукенов Қ. Синтаксис / Қ. Шәукенов. — Алматы: Ана тілі, 1996. — 208 б.
- 12 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі: тағылым мен таным / Б. Сағындықұлы // Ғылыми-танымдық мақалалар жинағы / Құраст.: Ахтаева Н.Х. (жауап. ред.), Жетпісбаева Ә.Қ., Омарова С.П. — Кереку-Новосібір: «Талер-Пресс», 2006. — 383 б.
- 13 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис / жауап. ред.: Е. Жанпейісов. — Астана, 2002. — 784 б.
- 14 Жақыпов Ж. А. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары: оқулық / Ж. А. Жақыпов. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. — 159 б.
- 15 Қазақ тілі. Энциклопедия / Жауап. ред.: А. Ж. Құдабаева. — Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан даму институты, 1998. — 509 б.
- 16 Акунова А. Азыркы кыргыз тили. Синтаксис: Жогорку окуу жайдын студенттери үчүн окуу куралы / А. Акунова, М. Раимбекова, Ч. Карамендеева. — Бишкек, 2010. — 170 б.
- 17 Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов / О. С. Ахманова. — Москва: Советская энциклопедия, 1966. — 607 с.
- 18 Тіл білімі сөздігі / жалпы ред. басқ.: Э. Д. Сүлейменова. — Алматы: Ғылым, 1998. — 544 б.
- 19 Қасым Б. Қ. Сөзжасам: семантика, уәждеме: оқу құралы / Б. Қ. Қасым. — Алматы: «КИЦОО» баспасы, 2003. — 167 б.
- 20 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: оқу құралы / К. Аханов. — Алматы: Санат, 1996. — 2-басылуы. — 240 б.
- 21 Баймұрынов Ж. Синтаксистегі үнемдеу құбылыстары (психолінгвистикалық аспект): монография / Ж. Баймұрынов. — Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2013. — 186 б.
- 22 Орфографиялық сөздік / Құраст.: Н. Уәли (жауап. ред.), Қ. Күдерінова, А. Фазылжанова, Ж. Исаев, Н. Әміржанова, А. Әмірбекова. — Алтыншы басылым. — Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. — 720 б.
- 23 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы) / Р. Сыздық. — Астана: Елорда, 2000. — 532 б.
- 24 Жукеев Т. Б. Грамматикалық синкретизмнің табиғаты және оның зерттелуі / Т. Б. Жукеев // Мәдениетаралық кеңістікте тілдер қызметінің және оларды оқытудың өзекті мәселелері: Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. — Қарағанды: ҚарМУ, 2004. — Б. 70–75.
- 25 Kakzhanova F. A. Syncretic Kazakh Language / F. A. Kakzhanova // Journal of Linguistics and Literature. — 2023. — Vol. 6. — No. 1. — P. 15–21. DOI:10.12691/jll-6-1-3
- 26 Маралбек Е. Елдес Омарұлының ғылыми мұрасы және оның қазақ тілтанымдындағы орны мен үлесі / Е. Маралбек // Tiltanym. — 2021. — № 4(84). — Б. 37–46.

Ж.М. Баймурынов, Ш.Б. Акатаева, Т.Б. Жукеев, З.К. Жангабулова, Т.Т. Муктар

К теории второстепенных членов предложения

В статье рассматриваются вопросы, которые до сих пор остаются малоизученными в грамматике казахского языка и касаются второстепенных членов предложения. В традиционной грамматической теории до настоящего времени не рассматривалась как отдельный объект исследования взаимосвязь второстепенных членов предложения, их взаимное определение и дополнение в составе предложения. Несмотря на то, что данный аспект, требующий внимания при грамматическом членении предложения, был известен еще столетие назад, он до сих пор не получил широкого освещения как важная тема в учебниках и методических пособиях. Авторы статьи стремятся теоретически и на практике показать грамматические связи второстепенных членов предложения, подтвердив выводы конкретными примерами. Именно в этом заключается научная актуальность исследования. Для определения грамматической взаимосвязи второстепенных членов в синтаксическом построении предложения необходимо сначала выявить словосочетания. Такой подход позволяет утверждать, что каждый компонент словосочетания выполняет функцию самостоятельного члена предложения. До настоящего времени нередко встречалась ситуация, когда одно или два словосочетания ошибочно воспринимались как один член предложения при грамматическом членении. С целью решения данной проблемы были изучены и систематизированы основные труды отечественных исследователей по синтаксису словосочетания и предложения, а также проведен грамматический анализ примеров, отобранных из казахских текстов в качестве практического материала. В ходе исследования, с использованием методов обзора, обобщения, анализа формы и значения, а также и других, были определены грамматические признаки сложных слов и словосочетаний. Показано, что некоторые сложные слова по форме схожи со словосочетаниями, а также определены пути их разграничения. Доказано, что грамматическая связь между компонентами словосочетания напрямую связана с грамматическим значением членов предложения. Сде-

лан вывод о том, что при синтаксическом разборе отнесение целого словосочетания к одному члену предложения является ошибочным. Показан грамматический потенциал второстепенных членов предложения. В частности, с теоретической и практической стороны более подробно охарактеризовано: что определение может определять другие определения, дополнения и обстоятельства; дополнение может дополнять определения, другие дополнения и обстоятельства; обстоятельство может определять определения, дополнения и другие обстоятельства. Выводы, представленные в статье, могут служить научной и практической основой для грамматистов, исследователей и студентов филологических факультетов, занимающихся изучением казахского языка.

Ключевые слова: второстепенные члены предложения, определение, дополнение, обстоятельство, словосочетание, сложное слово.

Zh.M. Baimurynov, Sh.B. Akatayeva, T.B. Zhukeyev, Z.K. Zhangabulova, T.T. Muktar

On the Theory of Secondary Members of Sentence

This article explores understudied issues in Kazakh language grammar related to secondary members of a sentence. Traditional grammatical theory has not yet treated the interconnections between these members—specifically, how they specify, complement, and modify one another—as a distinct object of focused study. Although this aspect, which requires attention in the grammatical parsing of sentences, was recognized as far back as a century ago, it has not yet been widely presented as a significant topic in textbooks or methodological manuals. The authors aim to analyze the grammatical relationships of secondary sentence members both theoretically and practically, using concrete examples for illustration. This defines the scientific relevance of the research. To determine the grammatical interrelations of secondary sentence members within a sentence's syntactic structure, it is first necessary to differentiate word combinations within the sentence. This approach supports the assertion that each component of a word combination can function as an independent sentence member. In earlier grammatical analyses, one or two word combinations were often treated as a single sentence member, which frequently led to confusion. To address this issue, the authors reviewed and systematized key works by Kazakh scholars on the syntax of word combinations and sentences, and conducted grammatical analyses based on examples from Kazakh texts. Using methods such as review, generalization, comparison of form and meaning, and structural analysis, the study identified the grammatical features of compound words within word combinations, demonstrated that some compound words resemble word combinations in form and established methods for distinguishing them. It also showed that the grammatical connection between components of a word combination is directly related to the grammatical meaning of sentence members, and concluded that analyzing an entire word combination as a single sentence member is incorrect. The grammatical potential of secondary sentence members was demonstrated as well. In particular, the article provides a detailed theoretical and practical discussion showing that a modifier can specify other modifiers, complements, and adverbials; a complement can specify modifiers, other complements, and adverbials; and an adverbial can modify modifiers, complements, and other adverbials. The conclusions presented in the article can serve as a valuable scientific and practical resource for grammarians, researchers, and philology students studying the Kazakh language.

Keywords: secondary sentence members, modifier, complement, adverbial, word combination, compound word.

References

- 1 Omaruly, E. (2018). *Eldes Omaruly shygarmalary* [The works of Eldes Omaruly]. Maralbek, E. (Comp.), Akhmetzhanova, Z. (Ed.). Almaty: «Lugat» qogamdyq qory [in Kazakh].
- 2 Balaqaeв, M. (2006). *Qazirgi qazaq tili: Soz tirkesi men zhai soilem sintaksisi* [Modern Kazakh Language: Syntax of Phrases and Simple Sentences]. Astana: L.N. Gumilev atyndagy Eurazia Ultyq Universiteti [in Kazakh].
- 3 Zhaqypov, Zh. A. (2021). Soilem musheleri teoriiasyna [Towards the theory of sentence terms]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziia ultyq universitetinin khabarshysy. Filologiya seriyasy — Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 3(136), 31–38 [in Kazakh].
- 4 Baimurynov, Zh. (2023). Qazaq tilindegi turlausyz mushe khaqynda [About secondary members in the Kazakh language]. *Uluslararası Dil ve Edebiyat araştırmaları sempozyumu — International Symposium on Language and Literature Studies*, 1368, 32–46 [in Kazakh].
- 5 Baitursynuly, A. (2022). *Tandamaly shygarmalary* [Selected works]. Tileshov, E., Aitova, N. (Eds.), Zhubay, O., & A. Qadyrhan (Comp.). Astana [in Kazakh].
- 6 Amanzholov, S. (1994). *Qazaq adebi tili sintaksisinin qysqasha kursy* [A Short Course in the Syntax of the Kazakh Literary Language]. Almaty: Sanat [in Kazakh].

- 7 Sairambaev, T. (2010). *Qazaq til biliminin maseleleri. Soz tirkesi* [Problems of Kazakh Linguistics. Word Combination]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 8 Akhanov, K. (1972). *Grammatika teoriiasynyn negizderi* [Fundamentals of grammar theory]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 9 Isaev, S. M. (2007). *Qazaq tili* [The Kazakh language]. Almaty: «Oner» baspasy [in Kazakh].
- 10 Shalabai, B. (2020). *Qazirgi qazaq tili. Sintaksis* [Modern Kazakh Language. Syntax]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 11 Shaukenov, Q. (1996). *Sintaksis* [Syntax]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 12 Sagyndyquly, B. (2006). Qazaq tili: tagylym men tanym [The Kazakh Language: Learning and Knowledge]. *Gylymi-tanyndyq maqalalar zhinagy — Collection of scientific and educational articles* (p. 383) [in Kazakh].
- 13 Zhanpeiisov, E. (Eds.). (2002). *Qazaq grammatikasy. Fonetika, sozhasam, morfologiia, sintaksis* [Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax]. Astana [in Kazakh].
- 14 Zhaqypov, Zh. A. (1998). *Soileu sintaksisinin sipattary* [Characteristics of the speech syntax]. Qaragandy: QarMU baspasy [in Kazakh].
- 15 Qudabaeva, A. Zh. (Eds.). (1998). *Qazaq tili. Enciklopediia* [The Kazakh language. Encyclopedia]. Almaty: Qazaqstan Respublikasy Bilim, madeniet zhane densaulыq saqtaw ministrliги, Qazaqstan damu instituty [in Kazakh].
- 16 Akunova, A., Raimbekova, M., & Karamendeeva, Ch. (2010). *Azyrky kyrgyz tili. Sintaksis* [Modern Kyrgyz Language. Syntax]. Bishkek [in Kyrgyz].
- 17 Ahmanova, O. S. (1966). *Slovar lingvisticheskikh terminov* [Dictionary of linguistic terms]. Moscow: Sovetskaia entsiklopediia [in Russian].
- 18 Suleimenova, E. D. (Ed). (1998). *Til bilimi sozdigi* [Dictionary of Linguistics]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 19 Kasym, B. K. (2003). *Sozhasam: semantika, uazhdeme* [Word formation: semantics, motivation]. Almaty: «KICOO» baspasy [in Kazakh].
- 20 Ahanov, K. (1996). *Grammatika teoriiasynyn negizderi* [Fundamentals of grammar theory]. (2d ed.). Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 21 Baimurynov, Zh. (2013). *Sintaksistegi unemdeu qubylystary (psiholingvistikalыq aspekt)* [Phenomena of Economy in Syntax (Psycholinguistic Aspect)]. Qaragandy: Bolashak-Baspa [in Kazakh].
- 22 Uali, N. (Eds.), Kuderinova, Q., Fazylzhanova A., & Isaev Zh., Amirzhanova N., Amirbekova A. (2013). *Orfografiyalыq sozdik* [Spelling Dictionary]. (6d ed.). Almaty: «Dauir» baspasy [in Kazakh].
- 23 Syzdyq, R. (2000). *Qazaq tilinin anyqtagyshy (emle, tynys belgileri, soz sazy)* [Kazakh Language Handbook (spelling, punctuation, word consonance)]. Astana: Elorda [in Kazakh].
- 24 Zhukeev, T. B. (2004). Grammatikalыq sinkretizmnin tabigaty zhane onyn zerttelui [The Nature of Grammatical Syncretism and Its Study]. *Madenietaralыq kenistikte tilder qyzmetinin zhane olardy oqytudyn ozekti maseleleri: Respublikalыq gylymi-praktikalыq konferenciia materialdary — Current Issues in Language Activities and Teaching in an Intercultural Space: Proceedings of the Republican Scientific and Practical Conference* (pp. 70–75). Qaragandy: QarMU [in Kazakh].
- 25 Kakzhanova, F. A. (2023). Syncretic Kazakh Language. *Journal of Linguistics and Literature*, 6(1), 15–21. DOI:10.12691/jll-6-1-3
- 26 Maralbek, E. (2021). Eldes Omarulynyn gylymi murasy zhane onyn qazaq tiltanymyndagy orny men ulesi [The scientific heritage of Eldes Omaruly, his place and contribution to the development of Kazakh linguistics]. *Tiltanym — Linguistics*, 4(84), 37–46 [in Kazakh].

Information about the authors

Baimurynov, Zhanbolat Maksatovich (corresponding author) — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Karaganda Buketov National Research University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: janbolat_b_m@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4980-1397>

Akatayeva, Shuga Berikovna — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: akatajeva_shuga@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2937-4017>

Zhukeyev, Toleukhan Bazarkhanovich — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: toleu_1911@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-6053-410X>

Zhangabulova, Zauze Kalimzhanovna — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: zauze_zhangabulova@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-1322-2103>

Muktar, Tolganay Talgatkyzy — Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: muktar.tt@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-7731-3254>